



**ӘЛЕУМЕТТІК GRA БАҒАЛАУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2025 жылғы 4 маусымдағы № 2 хаттамасының шешімімен баспаға ұсынылды.

Әлеуметтік GPA бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар /
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, Астана: 2025 ж. – 40 бет.

Мектептердегі әлеуметтік GPA-ді бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін әділ және ашық бағалау жүйесін енгізуге бағытталған. Құжатта мектеп пен қоғамның өміріне оқушылардың қатысуын, жауапкершілік деңгейін, бастамашылық пен ынтымақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін тәсілдер, критерийлер мен құралдар жазылған.

Ұсыныстарға жүйенің мақсаттары мен міндеттері, енгізу кезеңдері, бағалау принциптері және мұғалімдерге арналған практикалық нұсқаулар кіреді. Оларды қолдану білім алушылардың әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға, тәрбие ортасын нығайтуға және Қазақстан мектептерінде құндылыққа бағдарланған білім беруді дамытуға ықпал етеді.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
ӘЛЕУМЕТТІК GRA ӨЛШЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	6
ӘЛЕУМЕТТІК GRA БАҒАЛАУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ.....	11
ӘЛЕУМЕТТІК GRA БАҒАЛАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР	18
ҚОСЫМША.....	38
ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	40

КІРІСПЕ

Қазақстандық білім беруді трансформациялау жағдайында басымдық білім алушылардың академиялық жетістіктерінен жеке тұлғалық және әлеуметтік дамуды қамтитын оқыту нәтижелерінің неғұрлым кең спектріне біртіндеп ауысады. Қазіргі заманғы мектептің мақсаты – тек білім беру ғана емес, сонымен қатар құндылықтарға бағытталған, ынтымақтастыққа, өзін-өзі ұйымдастыруға және қоғам өміріне саналы түрде қатысуға қабілетті, жауапкершілігі мол, әрі кемел тұлғаны тәрбиелеу.

Осындай басымдықтарды ескере, білім алушылардың тұлғалық дамуының қарқынын тіркеуге және жүйелі түрде бақылауға мүмкіндік беретін механизмдерді дамыту өзекті. Сол механизмдердің бірі – әлеуметтік GPA жүйесін енгізу. Бұл жүйе азаматтық ұстаным, академиялық адалдық, топпен жұмыс істеу, көшбасшылық, өзін-өзі ұйымдастыру және мектеп пен қоғам өміріне белсенді қатысу секілді негізгі әлеуметтік-тұлғалық қасиеттердің қалыптасу деңгейін көрсететін жинақталған көрсеткіш ретінде қарастырылады.

Әлеуметтік GPA тәрбиенің жаңа парадигмасының маңызды құрамдас бөлігі. Бұл парадигманы әрбір білім алушының білім беру процесінің белсенді субъектісі ретінде қарастырып, ал оның даму нәтижелері тек пәндік бағалармен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жетістіктерімен де тіркеуге болады. Мұндай тәсіл білім алушының тұлға ретінде қалыптасу үдерісін саналы түрде педагогикалық қолдауға, оның ішкі уәждемесі мен жеке әрекеттері үшін жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік беріп, мінез-құлықты формалды бақылаудан мазмұнды тәрбиелік ықпалға көшуге жол ашады.

Әлеуметтік GPA-ді енгізу тәжірибесі бағалау критерийлерін, құралдары мен форматтарын іріктеу тәсілдерінде педагогикалық және басқарушылық бірлікті қамтамасыз ету үшін әдістемелік тұрғыдан пысықтауды талап етеді. Бұл жүйенің білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін түсінікті және қолайлы болуы, ашықтықты, объективтілікті және нәтижелер негізінде диалог мүмкіндігін қамтамасыз етуі маңызды.

Осы әдістемелік ұсынымдар халықаралық және отандық тәжірибені, нормативтік базаны, педагогикалық орындылығы мен практикалық іске асырылуын ескере, Қазақстан Республикасының орта білім беру

ұйымдарында әлеуметтік GPA бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу тәсілдерін ескере әзірленді. Басты назарда – білім алушының жеке басының үйлесімді дамуына жағдай жасау және өділдік, адалдық, ынтымақтастық пен азаматтық жетілу құндылықтарына бағытталған тәрбиелік ортасын қолдау.

ӘЛЕУМЕТТІК GRA-ді ӨЛШЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ӘЛЕУМЕТТІК GRA ҰҒЫМЫ МЕН МАҢЫЗЫ

Қазіргі Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі білім алушыны тұлға ретінде жан-жақты дамытуға бағытталған. Бұл тек когнитивтік қана емес, сонымен қатар әлеуметтік, құндылықтық пен эмоционалды-адамгершілік салаларының дамуын да қамтиды. Жетілген, жауапты, бастамашыл азаматтың қалыптасуы – білім алушының әлеуметтік құзыреттерін және тиісті жетістіктерін бағалауды қалыптастыратын мақсатты жұмыстарсыз мүмкін емес.

Әлеуметтік GPA (Grade Point Average) – білім алушының негізгі әлеуметтік-тұлғалық сипаттамаларының қалыптасу деңгейін көрсететін интегралды көрсеткіш. Бұл академиялық GPA-ді толықтыратын білім беру практикасына енгізілетін көрсеткіш, ол білім алушының пәндік білімінен бөлек, мектеп өміріне қосқан жеке үлесін, құндылықтық ұстанымдарын, қоғамға деген көзқарасын, бастамашылдығы мен жауапкершілігін көрсетуге мүмкіндік береді.

Академиялық GPA оқу пәндері бойынша жинақталған балдарға негізделсе, әлеуметтік GPA сапалық көрсеткіштерге сүйенеді. Бұл көрсеткіштер білім алушының іс-әрекетін бақылау, қатысу мониторингі, өзін-өзі бағалау, педагогтердің эксперттік пікірі мен мектеп портфолиосы арқылы анықталады. Әлеуметтік GPA құрылымына келесі аспектілер кіруі мүмкін:

- әлеуметтік, экологиялық және ерікті бастамаларға қатысуы;
- академиялық адалдық пен этика нормаларын сақтауы;
- мектеп жобалары мен іс-шараларына үлес қосуы;
- топпен жұмыс істей білуі, келісімге келу және жауапкершілік алу қабілеті;
- көшбасшылық қасиеттерін, бастамашылдық пен дербестікті дамыту;
- құрметке негізделген мінез-құлық, эмпатия және өзара көмек көрсету.

Аталған сипаттарды бағалау практикасы білім алушының тұлғалық өсуін жүйелі түрде тіркеуге және педагогикалық сүйемелдеуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл мектепке ізгілік педагогика, белсенді қатысуы және тәрбиелік жұмысты дараландыру қағидаттарына негізделген, бірақ бейресми бағалау құралын ұсынады.

Әлеуметтік GPA бойынша бағалау келесі маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

- ішкі мотивацияның тұрақты қалыптасуына ықпал етеді;
- білім беру нәтижелерін пәндік жетістіктерден тыс кеңейтеді;
- мектептің тәрбиелік қызметін ашық және түсінікті критерийлер арқылы күшейтеді;
- мұғалімдерге білім алушының мінез-құлқы мен қоғамға көзқарасындағы өзгерістерді бақылауға мүмкіндік береді;
- тұлғалық дамуға қатысты кері байланыс, ұсыныстар мен қолдау көрсетуге негіз болады.

Нормативтік деңгейде әлеуметтік GPA-ді енгізу Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының ережелерін басшылыққа ала және орта білім берудің қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен жанама байланысты болуы мүмкін, онда тәрбиенің құрамдас бөлігі, негізгі құзыреттерді қалыптастырудың және білім алушыларды әлеуметтендірудің маңыздылығын атап көрсетеді.

Қорытындылай келе, әлеуметтік GPA – бұл жай ғана қосымша көрсеткіш қана емес, білім алушылардың құндылықтарын, мінез-құлық үлгілерін және нормаларын саналы түрде қалыптастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық қолдау құралы. Оның енгізілуі тек білімді ғана емес, тұтас тұлғаны дамытуға бағытталған тәрбиелік әлеуеті жоғары мектеп ортасын қалыптастыруға септігін тигізеді.

ӘЛЕУМЕТТІК GPA КОМПОНЕНТТЕРІ

Орта білім беру шеңберінде білім алушылардың әлеуметтік дамуын кешенді бағалау тәсілін қамтамасыз ету үшін әлеуметтік GPA құрылымына кіретін компоненттерді нақты айқындау қажет. Әрбір компонент білім алушының әлеуметтік мінез-құлқының, құндылықтық бағдарлары мен білім беру ортасындағы өзара байланысын нақты көріністерін сипаттайтын тұлғалық сипаттамалар жиынтығын білдіреді.

Осы әдістемелік ұсынымдарда әлеуметтік GPA-дің негізін құрайтын төмендегі компоненттер ұсынылады:

Азаматтық жауапкершілік және әлеуметтік белсенділік

Бұл компонент білім алушының мектеп ұжымы мен мектептен тыс қоғамдастықтың өміріне қосылу дәрежесін, оның әлеуметтік және қоғамдық маңызы бар бастамаларға ерікті түрде қатысуға дайындығын, сондай-ақ жалпы игілік мүддесінде әрекет ету қабілетін көрсетеді. Ол волонтерлік акцияларға, білім алушының өзін-өзі басқаруына, мектеп комитеттеріне және әлеуметтік маңызды іс-шараларға қатысу арқылы көрінеді.

Академиялық адалдық және жеке парасаттылық

Бұл компонент білім алушының оқу процессіндегі этикалық мінез-құлық нормаларын ұстануын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауын, зияткерлік еңбекке құрметпен қарауын және дұрыс емес әрекеттердің кез келген түрінен бас тартуын сипаттайды.

Негізгі көрініс түрлері:

- тапсырмаларды орындау барысында шынайылық танытуы;
- емтихан этикасының талаптарын сақтауы;
- плагиат пен жалған ақпарат ұсыну фактілерінің болмауы;
- өзіндік жұмысты адал орындау дағдысы.

Топпен өзара қарым-қатынас және ынтымақтастық

Білім алушының оқу және сабақтан тыс әрекеттер барысында қатарластарымен және ересектермен тиімді қарым-қатынас орната білуі, бірлескен жоспарлау, құрметке негізделген қарым-қатынас, конструктивті қақтығыстарды шешу дағдыларын көрсетуі бағаланады. Әсіресе ұжымдық жобаларға қатысу мен ортақ іске үлес қосуға дайындыққа ерекше назар аударылады.

Негізгі көрініс түрлері:

- ұжымдық жобаларға белсенді қатысуы;
- топ ішінде міндеттерді бөлісу және өз үлесін қосуға дайын болуы;
- пікірлесу және өзгенің пікірін тыңдау мәдениетін ұстануы;
- туындаған келіспеушіліктерді келісім мен өзара құрмет негізінде шешуі және т.б.

Көшбасшылық және бастамашылдық

Бұл компонент білім алушының дербес шешім қабылдауға дайын болуын, бастамаларды ұсыну және жүзеге асыруға, іс-шараларды ұйымдастырудағы белсенділігін, сондай-ақ топқа оң ықпал ету мүмкіндігін сипаттайды.

Негізгі көрініс түрлері:

- идеяларды ұсыну және іске асыру бойынша әрекеттері;
- іс-шараларды ұйымдастыруға бастамашылық танытуы;
- жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын болуы;
- топ ішінде көшбасшылық қабілеттерін таныту.

Эмоционалдық жетілу және мінез-құлық мәдениеті

Өзін-өзі реттеуді, эмпатияны, білім беру процесінің басқа қатысушыларын құрметтеуді, этика нормалары мен мектеп тәртібін сақтауды қамтитын білім алушының эмоционалды – адамгершілік келбетін қамтиды. Сындарлы өзара іс-қимылдың орнықты үлгілерінің қалыптасуын куәландыратын мінез-құлық көріністері қаралады.

Негізгі көрініс түрлері:

- эмоциялық тұрақтылық және өзін-өзі басқару дағдылары;
- өзгелердің сезімін түсіну және оны ескеріп әрекет ету (эмпатия);
- мектептегі этикалық нормалар мен тәртіп ережелерін сақтауы;
- сындарлы және мәдениетті мінез-құлық үлгілерін тұрақты ұстануы.

Өзін-өзі ұйымдастыру және жеке нәтижелер үшін жауапкершілік

Бұл компонент білім алушының оқу және сыныптан тыс тапсырмаларды жоспарлау мен орындаудағы дербестігін, мақсат қоя білуін, өз әрекетін тиімді ұйымдастыруын және оның нәтижелері үшін жауапкершілік ала білу қабілетін сипаттайды.

Негізгі көрініс формалары:

- тапсырмаларды белгіленген мерзімде орындауы;
- оқу іс-әрекетінде бастамашылдық танытуы;
- жеке оқу портфолиосын жүйелі түрде жүргізуі;
- мақсат қоя білуі және сол мақсатқа сәйкес жоспарлы әрекет етуі.

Білім беру ортасына жақын болу деңгейі

Бұл компонент білім алушының мектеп өміріне деген тұрақты қызығушылығын, сабақтан тыс іс-шараларға, байқауларға, олимпиадаларға, үйірмелер мен клубтарға қатысу деңгейін бағалайды. Сондай-ақ ұжымда жағымды әлеуметтік бейімделуін, мәдени-көпшілік, спорттық және зияткерлік іс-шараларға жүйелі түрде қатысуын және бастамашылдығын қамтиды.

Негізгі көрініс түрлері:

- сабақтан тыс өмірге белсенді қатысуы (үйірмелер, клубтар, жобалар);
- мәдени, спорттық, ғылыми іс-шараларға тұрақты қатысуы;
- мектеп ұжымында бейімделу және ынтымақтастық орнатуы;
- мектеп өміріндегі бастамаларға қызығушылық танытуы мен үлес қосуы.

ӘЛЕУМЕТТІК GRA-ді БАҒАЛАУ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫН БАҒАЛАУДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Кез келген жаңашылдықты енгізу барысында басқа елдердің тәжірибесіне сүйену аса маңызды. Әртүрлі білім беру жүйелерінде білім алушылардың әлеуметтік белсенділігі мен әлеуметтік құзыреттерін бағалау және ынталандыру қалай жүзеге асырылатынына назар аударайық.

Халықаралық тәжірибе әртүрлі тәсілдерді: еріктілік сағаттарын ресми есептеуден бастап, білім алушының жалпы бағасына әлеуметтік құзыреттіліктерді біріктіруге дейін, ал кейде жеке нәтижелерді цифрлық бағалаудан бас тарту және т.б. көрсетеді.

Финляндия. Финляндияның білім беру жүйесі тұлғаның тұтас дамуына және білім алушының әл-ауқатына басымдық беруімен танымал. Бұл елде бағалар үшін жарыс жоқ, алайда білім алушының әлеуметтенуіне айрықша көңіл бөлінеді. Ресми жеке «әлеуметтік балл» болмаса да, тәртіп пен еңбекқорлық арнайы бағаланады. Негізгі мектепте әр білім алушының табелінде тәртібіне бағасы қойылады, ол пәндік бағалар сияқты 10 балдық шкала бойынша беріледі¹. Бұл баға мұғалімдердің білім алушының мектептегі тәртіп нормаларын сақтауына, басқа адамдармен өзара құрмет пен ынтымақтастықта болуына қатысты байқаулары негізінде қалыптасады. Сонымен қатар, фин мектептері оқу күнін түрлі үйірмелермен және хоббилермен енгізуде. 2021 жылдан бастап «Хоббиге толы мектеп күні» атты ұлттық жобасы жүзеге асырылуда, оның мақсаты — әр баланың сүйікті ісіне уақыт табуын қамтамасыз ету². Бұл хобби жетістіктері ресми баллмен бағаланбайды, бірақ мұғалімдер оларды оқушының жеке мінездемесінде атап көрсетеді. Осылайша, Финляндияда әлеуметтік даму саласындағы бағалау сапалық және қолдаушы сипатта жүзеге асырылады. Әлеуметтік дағдылар арнайы пән немесе өлшем ретінде емес, тәрбиелік орта арқылы дамытылады, ал кері байланыс ауызша түрде және мінез-құлық бағасы арқылы беріледі.

Канада (Онтарио провинциясы). Онтарио провинциясында мектеп бітірушілерге әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған міндетті талап енгізілген: жоғары мектеп білім алушылары оқу кезеңінде кемінде 40 сағат қоғамдық пайдалы еріктік жұмыс орындауы қажет³. Бұл талап 1999

¹ <https://doi.org/10.1080/00313831.2023.2175244>

² [Finland: Increasing pupils' participation and creating positive impact through leisure activities](#)

³ ontario.ca

жылдан бастап Онтарионың орта білім туралы дипломын (OSSD – Ontario Secondary School Diploma) алу шартына айналған⁴. Талаптың мақсаты – азаматтық жауапкершілік сезімін тәрбиелеу және білім алушының қоғамды қолдаудағы рөлін ұғындыру⁵. Әрбір мектеп білім алушысына арнайы форма беріледі, онда келесі мәліметтер толтырылады: еріктік қызметтің орны, атқарылған жұмыстың сипаттамасы, сағат саны, ұйым басшысының қолы. Қызмет түрлері әртүрлі және кең көлемде қарастырылады: қарт адамдарға көмектесу, қайырымдылық шараларына қатысу, экологиялық жобалар және т.б. (мектептерде рұқсат етілген белсенділіктердің ресми тізімі бар). Бұл жұмыс үшін баға қойылмайды, бірақ орындалуы түлектік құжаттарда белгіленеді. Осылайша, Канадада әлеуметтік белсенділік – білім беру процесінің міндетті құрамдас бөлігіне айналған. Бұл провинциялық деңгейде бекітілген ресми білім беру компоненті, ол барлық білім алушыны еріктілік қызмет арқылы қоғамға араласуға ынталандырады.

Австралия (Батыс Австралия штаты). Австралияның кейбір аймақтарында әлеуметтік белсенділік білім алушылардың мектеп бітіру сертификатына интеграцияланған. Батыс Австралия штатында білім алушының мектеп бітіру туралы куәлігіне (WASSA – Western Australian Statement of Student Achievement) 10-12-сыныптарда оқу кезеңінде қоғамдық қызметке арнаған сағаттар саны ресми түрде енгізіледі⁶. Мектеп курикулумы білім беру ұйымдарына білім алушыларға азаматтық құндылықтарды қалыптастыруға және әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал ететін қоғамдық қызметке (community service) қатысуға мүмкіндік беруді ұсынады. «Community service» ұғымы «басқалардың игілігі үшін сыйақысыз қызмет» ретінде ресми түрде бекітілген. Мұндай қызмет мектеп ішінде де (мысалы, «Кішіге тәлімгерлік») және одан тыс жерлерде де жүзеге асырылуы мүмкін. Білім алушылар қоғамдық қызмет сағаттарының есебін дербес жүргізеді, ал мектеп деректердің дұрыстығын тексереді және жыл сайын жиынтық ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органға береді. Мектепті бітіру туралы куәлікте арнайы жолмен көрсетіледі: “Community Service Hours: X” (Қоғамдық қызмет сағаттары: X). Австралиялықтар бұл мәлімет бағалау немесе байқауға айналдырылмайды – тек әлеуметтік белсенділіктің фактісі мен көлемін көрсетеді. Дегенмен, осындай тіркеудің өзі мектептерді еріктілік мәдениетін дамытуға ынталандырады. Кейбір

⁴ <https://www.tdsb.on.ca/Portals/0/highschool/docs/community%20involvement%20hours.pdf>

⁵ Там же

⁶ https://senior-secondary.scsa.wa.edu.au/_data/assets/pdf_file/0019/76222/CSP-Community-Service-Guidelines-Revised-July-2016.pdf

мектептер ең белсенді еріктілерді құрмет грамоталарымен марапаттайды, бұл – маңызды моральдық тұрғыда мадақтаудың бір түрі. Австралияның практикалық мысалы мемлекет тарапынан білім алушылардың әлеуметтік жұмысы туралы есепті талап ете, оны білім берудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде мойындайтынын көрсетеді. Бірақ бұл ретте білім алушылар арасында балмен бәсекелестік туғызбайды, тек білім алушы мен оның тәлімгерлерінің жеке жауапкершілігіне негізделеді.

Оңтүстік Корея. Оңтүстік Кореяда орта және жоғары мектептерде «Еріктілік қызмет» бағдарламасын жүзеге асыру міндетті. Бұл талап алғаш рет 1995 жылы енгізілген және содан бері әрбір білім алушы жыл сайын белгіленген қоғамдық жұмыс сағаттарын орындайды⁷. Жалпы орта және жоғары мектепте білім алу кезеңінде білім алушылар шамамен 60 сағат еріктілік қызмет орындауы тиіс⁸. Бұл қызмет үшін білім алушы баға немесе балл алады, ол мектеп портфолиосында (Student Record) тіркеледі. Бұл портфолио университетке түскен кезде маңызды рөл атқарады, себебі Кореяда мектеп рейтингі негізінде қабылдау жүйесі жұмыс істейді: тек пәндік бағалар емес, білім алушының жеке сипаттамалары мен әлеуметтік белсенділігі де ескеріледі. Мұндай саясаттың нәтижесінде еріктілік қызмет корей білім алушыларының өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Алайда бұл жүйе кейбір мәселелерді де тудырды – мысалы, білім алушылардың еріктілік қызметке қатысуы шынайы ниетпен емес, тек қана портфолио үшін орындау немесе талаптарды формальды есепке алу жағдайлары жиі кездеседі.

ЭЫДҰ-ға мүше басқа елдер. Көптеген елдерде «Әлеуметтік GPA»-ді бағалауға арналған бірыңғай ұлттық жүйе жоқ, бірақ олардың басым бөлігінде сабақтан тыс жетістіктерді ынталандыру элементтері бар.

АҚШ және Ұлыбританияда жоғары оқу орындарына түсу кезінде түлектің *портфолиосына* ерекше мән беріледі. Бұнда: үміткердің көшбасшылық, спорттағы жетістіктері мен қоғамдық қызметі туралы мәліметтері көрсетіледі. Осы себепті көптеген мектептер (әсіресе жекеменшік) «*Co-Curricular Transcript*» – білім алушының бүкіл оқу кезеңіндегі барлық әлеуметтік белсенділіктерін тіркейтін ішкі қосымша құжат жүргізеді.

⁷ [Is Mandatory Community Service a Catalyst for Civic Growth or Fruitless Servitude?: Evidence from a Natural Experiment in South Korea | VOLUNTAS: International Journal of Voluntary and Nonprofit Organizations](#)

⁸ [Students struggle to fulfill mandatory volunteer work requirement](#)

Германияда – бірқатар федералдық жерлерде білім алушының табелінде сабақтағы тәртібі мен ынтымақтастығына қатысты белгі (Sozialverhalten) қойылады.

Францияда азаматтық белсенділік саласында жобаларды жүзеге асыруды көздейтін «*Parcours citoyen*» (Азаматтық траектория) ұғымы енгізілуде. Онда: әрбір жоғары сынып білім алушысы азаматтық белсенділікке бағытталған жеке жобаны іске асыруы тиіс.

Ресей Федерациясы. Ресейде білім алушылардың тұлғалық нәтижелерін бағалауға деген көзқарас ұстамды күйде қалып отыр. Федералдық мемлекеттік білім беру стандарты (ФМБС) тұлғалық және метапәндік нәтижелер ұғымдарын енгізеді, алайда тұлғалық нәтижелерге цифрлық қорытынды бағалау жүргізілмейді. Ресей мектептері білім алушыларда құндылықтарды (патриотизм, төзімділік, т.б.) және әлеуметтік құзыреттіліктерді қалыптастыруға міндетті, бірақ олар үшін баға қойылмайды. Оның орнына мектептерде жетістіктер портфолиосы қолданылады: наградалар, пікірлер, жобалық жұмыстарды жинақтайды, және бұл материалдар түрлі байқауларға қатысуда немесе бейінді сыныпқа қабылдануда ескерілуі мүмкін. Кейбір мектептер:

- «Мектеп белсендісі» төсбелгілері;
- Құрмет тақталары;
- Мектепішілік рейтингте қосымша балдар (мысалы, ішкі іріктеу кезінде) секілді ынталандыру жүйесін енгізуде.

Мемлекеттік деңгейде қолдану шектелген: аттестатта тек қоғамдық жұмыс туралы ақпарат беріледі (мысалы, жоғары сынып оқушылары кеңесі төрағасының міндеттерін орындау туралы – анықтама түрінде). Сонымен қатар, ерекше жетістіктері үшін медальмен марапатталған оқушылар туралы мәлімет беріледі, бұл марапаттарға мектеп өміріне қосқан үлесі де ескеріліп қосылады. Соңғы жылдары Ресейде «Ресейлік оқушылар қозғалысы (РОҚ)»⁹ белсенді дамуда. Бұл қозғалыс елдік платформада электрондық портфолио жүргізуді көздейді, онда оқушының РОҚ аясындағы іс-шараларға (еріктілік, медиа, патриоттық акциялар) қатысуы тіркеледі. Жалпы алғанда, бұл жүйені мектеп шеңберінен тыс іске асырылатын әлеуметтік GPA-дің бастапқы үлгісі (прототипі) ретінде қарастыруға болады. РОҚ-дағы жетістіктері үшін оқушылар атақтар, жолдамалар алып, гранттар иеленеді.

⁹ <https://rdsh.education/svedeniya01/>

Өзбекстан. Өзбекстанның білім беру жүйесі де қазіргі таңда құзыреттілікке негізделген тәсілге басымдық бере, реформалар кезеңін бастан өткеруде. Мысалы, жоғары сыныптарда азаматтық қасиеттерді тәрбиелеу пәні/курсы енгізілген, оның аясында білім алушылар әлеуметтік жобаларды жүзеге асырады. Бұл бастама «Ағартушы – ерікті» бағдарламасының бір бөлігі ретінде қаралып және оқушылардың азаматтық ұстанымын, белсенділігін дамытуды көздейді.

ТМД елдері. Көрші елдер арасында **Беларусь** тәжірибесіне ерекше назар аударуға болады. Бұл елде әр сыныпта «Қоғамға пайдалы істер күнделігі» жүргізіледі. Білім алушылар сынып жетекшісімен бірге оқу жылының басында қандай игі істер жасайтынын (мысалы, ардагерлерге көмек көрсету, экологиялық акцияларға қатысу) алдын ала жоспарлап, кейін олардың орындалуын тіркейді. Жыл соңында бұл жұмыстардың нәтижесі ретінде сыныпқа сипаттамалық мысалы: «сынып – волонтерлік қозғалыстың белсенді қатысушысы» секілді баға беріледі. Бұл жүйе ұжымдық әлеуметтік белсенділікті жүйелі түрде дамыту мен бағалаудың бір үлгісі ретінде қарастырылады.

Сингапур. Сингапурдың мектеп жүйесі – мектептен тыс белсенділікті институционалдық деңгейде бағалаудың ең айқын үлгілерінің бірі. Орта мектептерде білім алушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған *LEAPS 2.0 (Learning for Life Programme)* бағдарламасы іске асырылады.¹⁰ Бұл бағдарлама *CCA (Co-Curricular Activities)* – сабақтан тыс қызметтерге қатысу арқылы жүзеге асырылады.

LEAPS 2.0 бағдарламасының мәні – әрбір білім алушы орта мектепте оқыған 4–5 жыл ішінде 4 негізгі бағыт (домен) бойынша жетістіктер деңгейін жинақтайды:

1. *Қатысу (Participation),*
2. *Қызмет көрсету (Service),*
3. *Көшбасшылық (Leadership)*
4. *Жетістіктер (Achievement).*

Әр бағыт бойынша нақты әрекеттерге сәйкес 1-ден 5-ке дейінгі деңгейлер беріледі. Мысалы:

¹⁰ [LEAPS 2.0 | MOE](#)

- *Қатысу (Participation)* бағыты бойынша 1-деңгей – бір үйірмеге екі жыл қатысуды, ал 5-деңгей – бес жыл бойы бір үйірмеде белсенді қатысуды білдіреді;
- *Қызмет көрсету (Service)* – еріктілік қызмет сағаттарына байланысты: 1-деңгей – кемінде 24 сағат, 5-деңгей – 100 сағаттан астам еріктілік және өз бастамасымен жобалар жүзеге асырылса;
- *Көшбасшылық (Leadership)* – ресми көшбасшылық қызметтерді атқару немесе көшбасшылық курстарын аяқтау арқылы деңгей артады;
- *Жетістіктер (Achievement)* – мектеп атынан түрлі жарыстарда қатысу және әртүрлі деңгейдегі (мектепішілік, ұлттық деңгейде) марапаттарға ие болуы ескеріледі.

Бітіруші жылы мектеп оқушысының жинақтаған жетістіктері негізінде жеке *портфолиосы* қалыптастырылады. Төрт негізгі бағыт бойынша қол жеткізілген деңгейлерге байланысты сыныптан тыс қызметтегі қорытынды мәртебелердің бірі тағайындалады. Олар: «*Excellent*» (*Өте жақсы*), «*Good*» (*Жақсы*) немесе «*Fair*» (*Қанағаттанарлық*). «*Excellent*» мәртебесі барлық бағыттар бойынша кемінде 3-деңгейге және кем дегенде бір бағыт бойынша 4-деңгейге қол жеткізген білім алушыларға беріледі. Маңыздысы: бұл қорытынды мәртебе *бонус балдарына* айналады – «*Excellent*» үшін 2 балл, «*Good*» үшін 1 балл қосылып, колледждер мен политехникумдарға құжат тапсыру кезінде ескеріліп, оқуға түсуге әсер етеді. Осылайша, сингапурлық мектеп оқушыларында СТҚ-ға (сыныптан тыс қызметтерге) белсенді қатысуға нақты әрі түсінікті мотивация бар. Нәтижесінде, мектеп оқушыларының басым көпшілігі кемінде бір сыныптан тыс әрекетке тұрақты түрде қатысады. *LEAPS 2.0* жүйесі тиімді деп танылған: ол нақты құрылымдалған, ашық, әрі мемлекеттік деңгейде қолдау табады. Барлық мектептер бірыңғай ережелерді ұстанады, сонымен қатар әр мектеп «белсенді қатысу» ұғымын өз ерекшеліктеріне сай анықтауда белгілі бір еркіндікке ие.

ЭЫДҰ-ға мүше елдер мен басқа да мемлекеттердің бірқатарында оқушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуын бағалау тәжірибесі кеңейіп келеді. Бұл үрдіс әлеуметтік GPA сияқты интегралды көрсеткіштер арқылы көрініс табуда. Мұндай тәсілдер азаматтық сана-сезімді, көшбасшылық қабілеттерді, эмоциялық интеллектті және әлеуметтік

жауапкершілікті білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде дамытуға бағытталған.

Қазақстанда да әлеуметтік дамуды бағалауға арналған бастамалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Абай ұлттық мектептері» желісінде академиялық GPA-мен қатар оқушылардың тәрбиелік, волонтерлік, көшбасшылық және мәдени іс-шараларға қатысу деңгейін бейнелейтін әлеуметтік GPA (SGPA) жүйесі енгізілуде. Бұл мектептерде оқушылардың сыныптан тыс іс-әрекеттерге қатысуын бағалау үшін нақты критерийлер мен шкалалар қолданылып жатыр, оның ішінде «Таза Қазақстан» сияқты нақты акциялар мысал бола алады.

Осылайша, «Абай ұлттық мектебі» желісіндегі мектептер әлеуметтік бағалауды білім беру үдерісінің жалпы моделіне интеграциялау үлгісін көрсетіп отыр. Бұл тәжірибе тұлғаның жан-жақты қалыптасқан бейнесін қалыптастыруға бағыттала, түлек бейінін тұтас сипатта құруға ерекше мән береді.

2026 жылдан бастап еліміздің барлық мектептері үшін әлеуметтік аспектіні бағалау міндетті талапқа айналады. Бұл өзгеріс Орта білім берудің жаңартылған мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (МЖМБС) жаңа редакциясына сәйкес жүзеге асырылады. Әлеуметтік бағалау формалары мен құралдары әртүрлі болуы мүмкін, алайда тұлғалық және әлеуметтік нәтижелерді бағалау жүйесіне енгізу Қазақстанның білім беру саясатының ажырамас және заңды құрамдас бөлігіне айналмақ.

ӘЛЕУМЕТТІК GRA-ДІ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

ӘЛЕУМЕТТІК GRA-ДІ БАҒАЛАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ

Осы бөлімде ұсынылған әдіснамалық негіздер, қағидаттар мен практикалық құралдар білім беру ұйымдары мен педагогикалық қызметкерлерге білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін объективті, ашық және педагогикалық тұрғыдан негізделген бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ұсынылған жүйе білім алушылардың негізгі әлеуметтік құзыреттерін, азаматтық жауапкершілікті, бастамашылдықты және ұжымда жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, сондай-ақ білім алушылардың мектеп өміріне және жергілікті қауымдастыққа қатысуын ынталандыруға бағытталған.

Бағалау жүйесі бірнеше талаптарға сай болуы керек. Олар: барлық қатысушыларға (білім алушыларға, педагогтерге, ата-аналарға) түсінікті болуы, жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы, қалыптастырушы және мотивациялық сипатта болуы, нәтижелердің біркелкілігі мен салыстырмалылығын қамтамасыз етілуі.

Әлеуметтік белсенділіктің критерийлері мен индикаторлары

Әлеуметтік белсенділікті бағалау жүйесінің негізіне білім алушылардың әлеуметтік белсенділігінің негізгі бағыттарын бейнелейтін критерийлер алынған. Бағалау домендері келесі негізгі бағыттарды қамтиды:

1. Қоғамдық және волонтерлік қызметке қатысуы: қайырымдылық акцияларына, экологиялық бастамаларға, әлеуметтік көмек көрсету жобаларына қатысу; құжаттармен расталған волонтерлік қызмет сағаттарының саны.
2. Білім алушылардың өзін-өзі басқару жүйесіне қатысуы және көшбасшылық белсенділігі: сынып старостасы, мектеп кеңесінің мүшесі сияқты рөлдерді атқаруы; білім алушылардың бастамаларын әзірлеу мен іске асыруға қатысуы; мектепшілік іс-шараларды ұйымдастыруы.
3. Спорттық және шығармашылық белсенділігі: үйірмелерге, секцияларға, байқауларға, концерттерге, спорттық жарыстарға тұрақты қатысуы; жетістіктерінің болуы (жұлделі орындар, марапаттар, дипломдар).

4. Сабақтан тыс танымдық және академиялық белсенділігі: олимпиадаларға, конференцияларға, ғылыми қоғамдарға, зерттеу жобаларының байқауларына қатысуы.
5. Қосымша білім беру бағдарламалары мен өзін-өзі дамытуы: курстардан өту, сертификаттар алу, мектептен тыс білім беру бастамаларына қатысу.
6. Топпен жұмыс істеу және ұжымдық жетістіктерге қосқан үлесі: мектеп театрында, пікірсайыс клубында, топтық жобаларға қатысуы; командалық жеңістердің және жетекшілердің жазбаша пікірлерінің болуы.

Әрбір бағытқа сәйкес индикаторлар белгіленеді, олардың ішінде цифрлық көрсеткіштер (сағат саны, іс-шаралар саны, марапаттар саны) мен сапалық көрсеткіштер (қатысу деңгейі, жауапкершілік, жанашырлық, педагогтердің ұсыныстары) қолданылады.

Болжамды индикаторлар:

- 10 сағат волонтерлік қызметі = 1 балл (ең көп дегенде – 5 балл);
- мектепішілік іс-шараны ұйымдастыруы = 2 балл, ұйымдастыру комитетіне қатысуы = 1 балл;
- жарыстарға қатысуы = 1 балл, жүлделі орын иеленуі = +1 балл;
- қосымша білім беру курсына сертификатпен аяқтауы = 2 балл.

Индикаторларды мектеп өз ерекшелігіне қарай бейімдей алады, алайда индикаторлар мен бағалау шкаласы ішкі нормативтік актімен бекітілуі және барлық қатысушыларға алдын ала хабарлануы тиіс.

Бағалау шкалалары мен интегралдық балл

«Әлеуметтік GPA» (grade point average – орташа балл) қорытындысын ұсынудың бірнеше моделі бар. Олар:

1. Жинақтаушы балдық жүйе. Білім алушыға іс-шараларға қатысқаны және белгіленген критерийлер бойынша нәтижелерге қол жеткізгені үшін балдар беріледі. Жиынтық балл 4 балдық шкалаға аударылады, бұл «Академиялық GPA» жүйесіне ұқсас. Мұндай тәсіл көрсеткіштердің көрнекілігі мен салыстырмалылығын қамтамасыз етеді.

2. Категориялық (деңгейлік) модель. Цифрлық көрсеткіштің орнына білім алушының жетістік деңгейі айқындалады: «жоғары»,

«қанағаттанарлық», «бастапқы». Деңгей бірнеше критерийдің жиынтығы негізінде анықталады, бұл цифрлық жарыстың әсерін азайтып, жеке оқу траекторияларын ескеруге мүмкіндік береді.

3. Аралас модель. Балдық және сапалық бағалауды біріктіреді: бір жағынан – сандық индекс, екінші жағынан – білім алушының ең маңызды жетістіктері сипатталатын сапалық мінездеме ұсынылады.

Нәтижелер жыл сайын тіркеліп отырады, бұл білім алушының даму динамикасын мониторингілеуге мүмкіндік береді. Әр білім алушы үшін жыл сайын жаңартылатын жеке жетістіктер картасын жүргізу ұсынылады.

Жетістіктерді тіркеу құралдары мен нысандары

Келесі жетістіктерді тіркеу нысандарын қолдану ұсынылады:

- Білім алушының портфолиосы (қағаз немесе электрондық форматта), оған сертификаттар, мақтау қағаздары, фотоматериалдар мен пікірлер кіреді;
- Әлеуметтік белсенділікті есепке алу журналы, оны педагогтер мен кураторлар толтырады;
- Білім алушылар толтыратын өзін-өзі бағалау сауалнамалары, оқу жылына бір рет жүргізіледі;
- 5–11-сыныптар аралығында жүргізілетін жеке жетістіктер картасы;
- Жетістіктерді тіркеудің электрондық жүйесі (техникалық мүмкіндіктер болған жағдайда).

Бағалау рәсімі және қорытындылау

Бағалау төрт кезең бойынша жүзеге асырылады:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Критерийлерді бекіту, қатысушыларды хабардар ету, кіріспе нұсқаулықтарды өткізу.

2. Ақпаратты жинау және жинақтау кезеңі. Бұл жұмыс педагогтер, кураторлар және білім алушылар тарапынан жүргізіледі.

3. Сараптамалық бағалау және нәтижелерді келісу. Мектеп комиссиясы ұсынылған материалдарды талдайды, балдарды растайды және хаттама жазады.

4. Қорытынды рәсімдеу. Нәтижелер хаттама түрінде рәсімделеді және (тиісті нормативтік қамтамасыз етілген жағдайда) аттестат қосымшасында көрсетілуі мүмкін.

Комиссия, әдетте, тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасарынан, сынып жетекшілерінен, педагог-ұйымдастырушыдан және білім алушылардың өзін-өзі басқару өкілдерінен (кеңес беру құқығымен) жасақталады.

Бағалау рәсімі объективтілік, ашықтық және этика қағидаттарына сәйкес жүргізілуі тиіс. Қосарланған стандарттарды қолдануға, формалды тәсілге және растайтын материалдарсыз бағаларды жоғарылатуға жол берілмейді.

Осылайша, ұсынылған әдістемелік тәсілдер әлеуметтік белсенділікті бағалау жүйесін институционалдық тұрғыда енгізуге, оны мектептердің тәрбие жұмысына интеграциялауға және білім алушылардың тұлғалық әлеуетін дамытуға ықпал ететін орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ӘЛЕУМЕТТІК GPA-ді БАҒАЛАУ МЕХАНИЗМІ

«Әлеуметтік GPA-ді» бағалаудың объективті, қайталанатын және тұрақты моделін қалыптастыру бағалау рәсімінің барлық элементтерін институционалдандыруды талап етеді. Онда: ақпарат көздерін айқындаудан бастап деректерді тіркеу мерзімділігі мен тәсілдерін реттеуге дейін көрсетіледі. Бағалау процесін практикалық жүзеге асыру педагогикалық және ұйымдастырушылық параметрлерді ескеруі тиіс, бұл өз кезегінде мәліметтердің шынайылығын, үдерістің ашықтығын және педагогикалық мақсатқа сай болуын қамтамасыз етеді.

4.1. Бағалауды ұйымдастыру тәсілдері

Орта білім беру ұйымдарында әлеуметтік GPA-ді бағалау сапалық және цифрлық әдістерді үйлестіретін кешенді модель негізінде жүзеге асырылады. Жүйенің негізі – білім алушылардың оқу жылы бойы негізгі әлеуметтік құзыреттіліктерін көрсетуін тіркеу. Бұл – бақылау, іс-шараларға қатысу, жобаларды орындау, өзіндік бағалау және педагогтер тарапынан кері байланыс арқылы іске асады.

Бағалау рәсімі қалыптастырушы бағалау логикасында жүргізіледі, жүйелі түрде кері байланыс беріледі және білім алушының тұлғалық дамуының динамикасына бағдарланады. Бұл рәсім қорытынды аттестаттаудан ерекшеленеді: ол табельге ресми баға қоюды көздемейді, керісінше, педагогикалық қолдаудың құралы ретінде қызмет етеді.

4.2. Ақпарат көздері мен қатысушылардың рөлі

Деректердің шынайылығын қамтамасыз ету үшін ақпаратты жинаудың көпарналы моделі қолданылады:

- педагогтер мен сынып жетекшілерінің нақты мінез-құлық көріністерін тіркеуге бағытталған бақылаулары;
- білім алушының портфолиосы, онда жобалық, әлеуметтік және шығармашылық белсенділік үлгілері қамтылады;
- арнайы әзірленген шкалалар бойынша жүргізілетін өзін-өзі бағалау нәтижелері;
- мектеп қауымдастығы мүшелерінің – қатарластардың, тәлімгерлердің, клуб жетекшілерінің пікірлері;

- іс-шараларға, байқауларға, жобаларға қатысу бойынша тіркеу деректері;

- мектеп комитеттерінің (оның ішінде академиялық адалдық пен өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі) талдамалық анықтамалары.

Бағалау мектеп әкімшілігінің үйлестіруімен педагогикалық ұжым тарапынан жүзеге асырылады. Психологиялық қызмет қосымша интерпретациялар мен әдістемелік қолдау ұсынуы мүмкін. Білім алушының өзін-өзі бағалауға қатысуы – рефлексия мен дербес жауапкершілік дағдыларын қалыптастырудың маңызды бөлігі.

4.3. Құралдар мен рәсімдер

Білім беру ұйымы деңгейінде келесі бағалау құралдарын пайдалану ұсынылады:

- стандартталған бақылау чек-парақтарын;
- «Әлеуметтік GPA» компоненттері бойынша бағалау рубрикаларын (градациялар сипаттамасымен: «жоқ / эпизодтық түрде байқалады / тұрақты түрде байқалады»);
- тұлғалық дамудың жеке картасының шаблонын;
- өзін-өзі бағалау сауалнамаларын (жылына 1–2 рет өткізіледі);
- тіркеу журналдарын (сыныптан тыс іс-шаралар, жобалар, өзін-өзі басқару аясындағы қатысуларды тіркеу үшін).

Бағалау жылына екі рет (желтоқсан және мамыр айларында) өткізіледі, аралық мониторинг жүргізу мүмкіндігі қарастырылады. Нәтижелер электрондық есеп жүйесіне немесе мектептің жергілікті дерекқорына енгізіледі.

4.4. Нәтижелерді өңдеу және ұсыну

«Әлеуметтік GPA» бойынша деректерді қорытынды тіркеу цифрлық форматта (мысалы, әрбір компонент бойынша 5 балдық шкала негізіндегі жиынтық балл) немесе сапалық-аналитикалық форматта (күшті тұстар мен даму аймақтарын сипаттау) жүзеге асырылуы мүмкін.

Нәтижелерді ұсыну келесі форматтарда:

- білім алушыға – кері байланысы бар жеке есеп түрінде;

- педагогтерге – білім алушыларды педагогикалық сүйемелдеу үшін шолу-аналитикалық ақпарат түрінде;
- мектеп әкімшілігіне – жинақталған жиынтық деректер ретінде;
- ата-аналарға – қажет болған жағдайда, жеке сүйемелдеу кездесулерінде жүзеге асырылады.

«Әлеуметтік GPA» көрсеткіштері білім алушының оқу үлгеріміне әсер етпейтінін ерекше атап өту маңызды. Алайда, бұл деректер жеке ұсыныстар әзірлеуге, білім алушыны мектепішілік бастамаларға тартуға, марапаттау бағдарламаларына, тәлімгерлікке және басқа да қолдау механизмдеріне қатыстыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

ӘЛЕУМЕТТІК GPA-ді БАҒАЛАУДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛДАУЫ МЕН АВТОМАТТАНДЫРЫЛУЫ

Білім беру кеңістігінің трансформациясы және цифрлық шешімдердің белсенді енгізілуі жағдайында бағалау рәсімдерін сүйемелдеудің технологиялық тұрғыдан орнықты тетіктерін әзірлеу ерекше маңызға ие. Білім алушылардың тұлғалық және әлеуметтік дамуын сипаттайтын интегралды көрсеткіш ретіндегі «Әлеуметтік GPA» педагогикалық тұрғыдан дәлелденген әдістемемен қатар, процестің шынайылығын, үздіксіздігін және басқарылуын қамтамасыз ете алатын цифрлық инфрақұрылымды қажет етеді.

«Әлеуметтік GPA» бағалау жүйесін цифрлық қолдау – бұл білім алушылардың негізгі әлеуметтік құзыреттерінің көріністеріне қатысты деректерді жинау, тіркеу, сақтау, визуализациялау және аналитикалық өңдеуді қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және технологиялық шешімдердің жиынтығы. Бұл ретте цифрландыру қағаз түріндегі есептілікті қайталауға емес, тәрбие жұмысын басқару логикасын түбегейлі өзгертуге – яғни тіркеуші тәсілден дамытушы және болжамдық тәсілге көшуге бағытталуы тиіс.

Цифрлық қолдаудың функционалдық міндеттері

Бағалау жүйесін цифрландыру келесі негізгі міндеттерді шешуге бағытталған:

- бағалау формаларын толтыру, сақтау және өңдеу рәсімдерін автоматтандыруға;
- түрлі дереккөздерді (портфолио, іс-шараларға қатысу, педагогтердің пікірлері, білім алушылардың өзіндік бағалауы) интеграциялауға;
- педагогтерге, әкімшілікке және білім алушыларға ақпаратқа нақты уақыт режимінде қол жеткізуді қамтамасыз етуге;
- тұлғалық өсудің серпінін көрсететін жеке және ұжымдық аналитикалық есептерді қалыптастыруға;
- қабылданатын тәрбие және басқарушылық шешімдердің ашықтығы мен дәлелділігін қамтамасыз етілуі.

Қолданыстағы цифрлық платформаларға интеграциялау мүмкіндіктері

Платформалық шешімдер қолданыстағы құралдарға сүйене құрылуы тиіс, соның ішінде:

– «Kundelik.kz» – әлеуметтік белсенділікті тіркеуге, растайтын материалдарды жүктеуге және жетістіктердің цифрлық профилін жүргізуге арналған қосымша модуль немесе қосышаларды құруы;

– Білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі (ББАЖ / ИСУО) – «Әлеуметтік GPA» көрсеткіштерін тәрбие жұмысы мен есептілік мониторингі бөлімдеріне енгізу;

– Google Workspace, Moodle және басқа LMS жүйелері – білім алушылардың ағымдағы бақылауы мен өзіндік бағалауы үшін формаларды, кестелер мен сауалнамаларды пайдалануы және т.б.

Интеграция процесі пилоттық мектептерден басталуы керек, мұнда интерфейстер, шаблондар мен аналитика логикасы сынақтан өткізіліп, кейінірек ұлттық деңгейде ауқымды түрде енгізіледі.

Цифрлық үлгіні енгізу кезеңдері

1. Білім беру ұйымының цифрлық инфрақұрылымына аудит жүргізуі (техникалық құрал-жабдықтардың болуы, персоналдың цифрлық сауаттылық деңгейі);

2. Шаблондарды әзірлеу (электрондық тексеру парақтары, бақылау карталары, өзін-өзі бағалау сауалнамалары);

3. Модельді пилоттық негізде апробациядан өткізу (бөлімдерде немесе жобалық мектептерде);

4. Кері байланыс жинау және модельдің жұмыс істеуіне талдау жүргізу;

5. «Әлеуметтік GPA» бағалауын цифрлық сүйемелдеуді реттейтін жергілікті актіні қабылдау;

6. Қолдау көрсету және дамыту: консультациялар ұйымдастыру, IT-мамандардың сүйемелдеуі, педагогтердің біліктілігін арттыру.

Цифрлық бағалау қағидаттары мен стандарттары

Цифрлық модель келесі қағидаттарға негізделуі тиіс:

– ашықтық: бағалау логикасының барлық қатысушыларға қолжетімділігі;

– валидтілік: цифрлық құралдардың білім алушының нақты мінез-құлқы мен әлеуметтік үлесіне сәйкестігі;

– этикалық ұстаным: жеке деректерді қорғау және жағымсыз таңбалау әрекеттеріне жол бермеу;

– кері байланыс: дербестендірілген пікір мен даму бойынша ұсыным алу мүмкіндігі.

Цифрлық бағалау стандарттары мыналарды қамтуы тиіс:

- танылатын әлеуметтік белсенділік түрлерінің тізбесі;
- растаушы материалдардың рұқсат етілген форматтары (сертификаттар, фотосуреттер, сканерленген хаттар, сілтемелер);
- әрбір бағыт бойынша (волонтерлік, үйірмелер, көшбасшылық және т.б.) бағалау критерийлері;
- қорытынды көрсеткішті есептеу ережелері және оны білім алушының профилінде визуализациялау тәртібі.

1-кесте. Ықтимал тәуекелдер және оларды азайту жолдары

Қауіптің ықтимал түрі	Минимизациялау жолдары
Процедураны формализациялау (есеп үшін есеп беру)	Әдістемелік қолдау, рефлексияға басымдық беру
Педагогтердің АКТ құзыреттерінің жеткіліксіздігі	Оқыту, тәлімгерлік, АКТ мамандарының қолдауы
Құпиялылықтың бұзылуы	Қолжетімділікті шектеу, деректерді пайдаланудың нақты қағидалары
Техникалық ақаулар немесе жүйенің шамадан тыс жүктемесі	Есептіліктің баламалы түрлері, оффлайн-қосарлау

«Әлеуметтік GRA»-ді цифрлық бағалау жүйесін енгізу тәрбие жұмысын жаңғыртудың маңызды стратегиялық бағыты ретінде қарастырылуы қажет. Дұрыс ұйымдастырылған жағдайда бұл жүйе білім алушылардың әлеуметтік белсенділігін бағалау мәдениетін жетілдіріп, олардың жеке дамуына деген ынтасын қолдап, мониторинг жүргізу, педагогикалық диагностика және басқарушылық талдау құралдары ретінде тиімді қызмет етеді.

ӘЛЕУМЕТТІК GPA-ДІ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚОЛДАНУ

«Әлеуметтік GPA» бағалау нәтижелерін тиімді пайдалану, оларды білім беру ұйымының күнделікті тәрбиелік, әдістемелік және басқару тәжірибесіне жүйелі түрде біріктіруді талап етеді. Алынған деректер тек қана білім алушылардың негізгі әлеуметтік құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін көрсетіп қоймай, сонымен қатар жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық қолдаудың, негізделген жоспарлаудың және мектеп ортасын дамытудың негізі болады. Дұрыс түсіндіру және пайдалану жағдайында «Әлеуметтік GPA» деректері тұлғаны қолдаудың тұтас жүйесін құруға ықпал етеді. Бұл жүйе жеке жауапкершілікті, бастамашылық пен әлеуметтік белсенділікті қадірлейтін тәрбиелеуші ортаны қалыптастырады.

Білім алушыларды жекелей қолдау

«Әлеуметтік GPA»-ді бағалау нәтижелері педагогтерге:

- әрбір білім алушының күшті жақтары мен даму аймақтарын анықтауға;
- жеке тәрбиелік жоспарлар мен қатысу бағыттарын әзірлеуге;
- дамытушы және қолдаушы кері байланысты қалыптастыруға;
- білім алушыны әлеуметтік белсенділіктің сәйкес формаларына бағыттауға (клубтар, жобалар, бастамалар);
- байқауларға, олимпиадаларға, марапаттау, тәлімгерлік және волонтерлік бағдарламаларға қатысуда аналитикалық сипаттамалар мен ұсыныстар дайындауға.

Сонымен қатар, бағалау нәтижелері салыстырмалы рейтингке жатпайды және академиялық көрсеткіштерге әсер етпейді. Олардың мақсаты – білім алушының өзін-өзі түсінуі, өзін-өзі дамытуы және тұлғалық мотивациясын нығайту үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік және педагогикалық жұмыс

Педагогикалық ұжым үшін білім алушылардың «Әлеуметтік GPA» туралы ақпарат төмендегілердің негізі бола алады:

- тәрбиелік бағдарламалардың нәтижелілігін талдау және олардың мазмұнын түзету;
- сынып сағаттарының, сыныптан тыс және жобалық қызметтің тақырыптарын жоспарлау;

- біліктілікті арттыру қажеттіліктерін және әдістемелік жұмыстың бағыттарын анықтау;
- кураторлық жиналыстар өткізу және нақты деректерге негізделген кейстерді талқылау;
- ішкі мектептік есептіліктің мазмұнын тәрбиелік нәтижелерге баса назар аудара отырып байыту.

Бағалау нәтижелерін әдістемелік жұмыста қолдану тәрбиелік практикалардың жекеленуін күшейтіп, педагогикалық ықпалдардың сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Басқарушылық және стратегиялық қолдану

Білім беру ұйымының әкімшілігі мен жергілікті білімді басқару органдары үшін «Әлеуметтік GPA» бағалау нәтижелері басқарушылық шешімдер қабылдау және талдау құралы болып саналады:

- білім алушылардың әлеуметтік белсенділігі мен қатысу деңгейін мониторингілеу;
- жүзеге асырылып жатқан тәрбиелік және сыныптан тыс бағдарламалардың тиімділігін бағалау;
- кадрлық және әдістемелік ресурстарды жоспарлау және бөлу;
- мектептің тәрбиелік ортасын дамытуға арналған жыл сайынғы аналитикалық анықтамалар мен стратегиялық құжаттарды дайындау;
- мектеп кеңестері, ата-аналар комитеттері, серіктес ұйымдар сияқты қоғам мен сыртқы серіктестерді тәрбиелік қызмет сапасы туралы хабардар ету;
- білім сапасының ішкі мониторинг жүйелеріне (СВА, ВШКО) интеграциялау.

Бағалау нәтижелері басқарушылық циклдің бір бөлігіне айналып, олардың негізінде мектеп ортасын дамытуға арналған мақсатты бағдарламалар құруға мүмкіндік береді.

Білім алушылар мен ата-аналардың коммуникациясы

«Әлеуметтік GPA» туралы ақпарат конструктивті диалог шеңберінде:

- білім алушыларға – жеке кеңестер арқылы, жеке жетістіктерді талқылау, әлеуметтік белсенділік жоспарын жасау;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге) – жеке кездесулер, жиналыстар, кеңестер аясында қолданылуы тиіс.

Барлық қысым көрсету, формализм немесе басқалармен салыстыру элементтерін қоспағанда, өзара қарым-қатынастар білім алушыны қолдау мен ынталандыруға бағытталуы керек.

«Әлеуметтік GPA» бағалау нәтижелерін есептік механизм ретінде емес, білім алушы тұлғасын қалыптастыру жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру қажет. Бұл деректерді орынды және ғылыми тұрғыдан негізделген пайдалану мектептің тәрбиелік қызметін күшейтіп, педагогикалық тұрғыдан дәлелденген сүйемелдеу стратегияларын қалыптастыруға мүмкіндік береді және тәрбиені білім беру үдерісінің бөлінбес құрамдас бөлігіне айналдырады. Бұл жерде назар көрсеткіштің өзіне емес, оның мазмұндық мәніне аударылуы тиіс – білім алушыларда құндылықтарды, әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық ұстанымды дамыту. Бұл – қарқынды өзгеріп жатқан әлемде өмір сүруге дайын, кемел, жауапты әрі белсенді тұлғаны қалыптастыру жолы.

Аталған деректерді тұрақты түрде талдау және ұғыну мектепке қоғамның өзгермелі сұраныстарына бейімделуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде тек академиялық үлгерімді ғана емес, сонымен бірге әрбір білім алушының үйлесімді әлеуметтік дамуын қамтамасыз етеді. Осылайша, «Әлеуметтік GPA» тек диагностика құралы ретінде ғана емес, саналы, ынталандырушы және қолдаушы білім беру экожүйесін құрудың негізіне айналады.

ҰСЫНЫМДАР

Білім беру процесіне «Әлеуметтік GPA» жүйесін енгізу – білім алушылардың тұлғалық дамуын кешенді түрде қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық маңызды бастама. Бұл жүйе білім беру үдерісіне қатысушылардың – педагогтер, мектеп әкімшілігі және білім беру басқару органдары – арасындағы функционалдық рөлдер мен жауапкершілікті нақты бөлуді көздейді. «Әлеуметтік GPA» жеке-дара қолданылатын құрал емес, ол мектептің күнделікті өміріне біртұтас түрде ендіріліп, білім беру ортасының тәрбиеге бағытталған мазмұнын күшейтеді.

Төменде білім алушылардың әлеуметтік құзыреттерін объективті бағалау арқылы тәрбие жұмысының сапасын қамтамасыз етуге арналған, үздік тәжірибелерге сүйене әзірленген ұсыныстар берілген. Әр ұсыныс – оның мақсатын, күтілетін нәтижелерін және білім беру процесіне қатысушылардың әрбір санаты бойынша тәрбие жұмысын жетілдіруге қосатын әлеуетті үлесін сипаттайтын түсіндірмелермен толықтырылған.

МҰҒАЛІМДЕРГЕ

1. Әлеуметтік құзыреттерді бағалауды тәрбиелік жұмыстың жүйесіне интеграциялау.

Мұғалімдер әлеуметтік дамуды бағалауды қосымша жүк емес, білім алушыны тәрбиелеу мен сүйемелдеу құралы ретінде қарастыруы тиіс. Бұл педагогикалық бақылаудың бағытталуын күшейтіп, тәрбиелік қызметтің мазмұндық тұтастығын қамтамасыз етеді.

2. Стандартталған және сенімді бағалау құралдарын қолдану. Бекітілген чек-листтерді, мінез-құлық шкалаларын, бақылау карталарын және білім алушылардың өзін-өзі бағалау формаларын пайдалану ұсынылады. Бірыңғай құралдарды қолдану объективтілікті қамтамасыз етіп, субъективтілікті төмендетеді және мәліметтердің салыстырмалылығын арттырады.

3. Негізгі әлеуметтік сапалардың қалыптасуын жүйелі педагогикалық бақылау жүргізу.

Бақылау жүйелі болуы тиіс, әртүрлі іс-әрекет түрлерін (оқу, қосымша, жобалық, әлеуметтік) қамтуы қажет, сонымен қатар, оң немесе қиын мінез-құлық көріністерін тіркеуді қосу керек. Бұл алынған мәліметтердің толықтығы мен дәлдігін қамтамасыз етеді.

Білім алушының жетістіктерінің жеке картасының үлгісі

Аты-жөні: _____

Сыныбы: _____ Оқыту тілі _____

Бағыты	Іс-әрекет/Іс-шара	Күні	Сағат саны	Пікір
Мектепшілік іс-шаралар				
Волонтерлік қызмет				
Көшбасшылық қабілеттердің көрінісі				
Академиялық адалдықты сақтау				
Жобалар мен зерттеу жұмыстарына қатысу				
Басқа жетістіктер				

Сынып жетекшісінің қолы: _____

4. Педагогикалық негізделген кері байланысты ұйымдастыру. Бақылау нәтижелері негізінде мұғалім білім алушыларға олардың күшті жақтарын нығайтуға және тұлғалық өсу бағыттарын айқындауға бағытталған дамытушы кері байланыс ұсынуы тиіс. Кері байланыс конструктивті, өзекті және ізгі ниетті болуы керек.

5. Білім алушыларды өзін-өзі бағалау мен тұлғалық дамуды жоспарлауға тарту. Білім алушылардың рефлексия, өзін бақылау және мақсат қою дағдыларын қалыптастыру үшін жағдай жасаған маңызды. Өзін-өзі бағалау рәсімдеріне қатыстыру жауапкершілік, өзін-өзі реттеу және ішкі мотивацияны дамытуға ықпал етеді.

6. Бағалау процесінде этикалық нормаларды сақтау. Мұғалімдер ақпараттың құпиялылығын қатаң сақтауға, нәтижелерді жария түрде талқыламауға және бағалау нәтижелерін жазалаушы мақсатта пайдаланбауға міндетті. Этикалық бағалау мәдениеті жүйеге деген сенімділіктің негізі ретінде саналады.

7. Тұлғалық және әлеуметтік нәтижелерді бағалау бойынша кәсіби шеберлікті арттыру. Тәрбие, бақылау және білім алушыларды сүйемелдеу саласындағы кәсіби құзыреттілікті дамытуға бағытталған арнайы курстарға, вебинарларға, әдістемелік семинарларға қатысу ұсынылады.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІГІНЕ

1. «Әлеуметтік GPA» бағалау жүйесін регламенттейтін жергілікті нормативтік құжатты бекіту. Құжат бағалаудың мақсаттары, қағидаттары, рәсімдері, құралдары мен нәтижелерді пайдалану тәртібін нақтылауы тиіс. Бұл жүйенің заңдық анықтығы мен институционалдық легитимділігін қамтамасыз етеді.

2. Жауапты координатор тағайындап, мектепішілік жұмыс тобы құру. Процесті үйлестіру үшін әкімшіліктен ұйымдастыру, сүйемелдеу және енгізуді бақылау жауапкершілігі бар куратор бөлінуі қажет. Жұмыс тобына директордың орынбасары, куратор-мұғалімдер, психолог және сынып жетекшілері кіре алады.

3. Педагогикалық ұжымға оқыту ұйымдастыру. Мектеп базасында әдістемелік жиналыстар, тренингтер мен консультациялар өткізу бірізді тәсілдерді қалыптастыруға және әдістемелік түсініспеушіліктерді жоюға бағытталуы тиіс. Оқу бағалау әдістемесін, этика мен цифрлық тіркеу мәселелерін қамтуы керек.

4. Құжаттаманы жүргізуге техникалық және цифрлық жағдайлар қамтамасыз ету. Мектепте үлгілер, формалар, бақылау журналдары болуы, техникалық мүмкіндік болса Kundelik, Google Forms, Excel, Moodle және басқалар негізіндегі цифрлық тіркеу құралдары пайдаланылуы қажет. Бұл мәліметтердің тұрақты және жүйелі тіркелуін қамтамасыз етеді.

5. Бағалау нәтижелерін мектепішілік аналитикалық процедураларға интеграциялау. Әлеуметтік GPA деректері сипаттамалар, жеке даму траекториялары, тәрбиелік жұмыс туралы есептер, алдын алу жоспарлары мен білім алушыларды дамыту бағдарламаларын әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

6. Басқару және тәрбиелік шешімдерге мәліметтерді енгізу. Нәтижелерді талдау негізінде жекелендірілген тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау, білім алушыларды қосымша іс-әрекеттер бойынша бөлу, оқушы активін қалыптастыру және тәлімгерлікті ұйымдастыру мүмкін болады.

7. Ата-аналарды этикалық хабардар етуін қамтамасыз ету. Ата-аналармен коммуникация нақты, құрметті, құпиялы және ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған болуы керек. Қысым мен бағалауға негізделген элементтер алынып тасталуы қажет.

8. Тұрақты даму көрсеткен білім алушыларды моральдық ынталандыру жүйесін құру. Бұл алғыс хаттар, мектеп жаңалықтарында еске алу, мектеп атынан іс-шараларға қатыстыру сияқты әдістерді қамтуы мүмкін. Мұндай қолдау азаматтық ұстанымды, құрметтілікті, адалдық пен көшбасшылықты нығайтады.

МЕМЛЕКЕТТІК ІС-БАСҚАРУ ОРҒАНДАРЫ ҮШІН (МИО)

1. Үлгілік әдістемелік материалдарды әзірлеп, бекіту. Бағалау шкалаларының үлгілері, тіркеу формалары, кері байланыс бойынша ұсыныстар мен даму прогресін сипаттау мысалдарын қамтитын құжаттар пакетін дайындау қажет. Бұл әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етіп, іске асырудағы еркіндікті болдырмауға мүмкіндік береді.

2. Қызметкерлерді өңірлік деңгейде оқыту ұйымдастыру. Мектеп директорлары, орынбасарлар, кураторлар және педагогтар үшін тұлғалық дамуды бағалау және білім алушыларды сүйемелдеу мәселелері бойынша біліктілікті арттыру курстарын, вебинарлар мен қатысумен семинарларды өткізу қажет.

3. Пилоттық алаңдарды ұйымдастырып, сүйемелдеу. Пилоттық мектептерді құру бағалау модельдерін сынақтан өткізуге, кедергілерді анықтауға, практиктерден ұсыныстар жинауға және кең көлемді енгізуге материалдар дайындауға мүмкіндік береді.

4. Деректерді цифрлық интеграцияны қамтамасыз ету. ИСУО жүйесінде модульдер әзірлеу немесе қолданыстағы жүйелерге (мысалы, Kundelik) функционал қосу арқылы әлеуметтік GPA бойынша деректерді автоматты түрде жинау, сақтау және визуализациялауды ұйымдастыру ұсынылады.

5. Тұлғалық дамудың көрсеткіштерін білім сапасын мониторингке енгізу. Әлеуметтік белсенділік, азаматтық жетілу деңгейі, академиялық адалдық нормаларын сақтау туралы деректерді білім беру ұйымының жалпы нәтижелерін бағалауда есепке алуға мүмкіндік беретін индикаторлар әзірлеу қажет.

6. Мектептерге ресурс және ұйымдастырушылық қолдау көрсету. Платформаларға қолжетімділікті ұйымдастыру, әдістемелік көмек көрсету, психолог қызметтерін сүйемелдеу, сондай-ақ тиімді тәжірибелерді гранттар мен рейтингтік көрсеткіштер арқылы ынталандыру кіреді.

7. Жүйеге қоғамдық және кәсіби оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал ету. Ақпараттандыруды арттыру және өзгерістерге қарсылықты төмендету мақсатында ашық пікірталастар, жарияланымдар, әдістемелік конференциялар мен дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру ұсынылады.

Берілген ұсынымдар кешенді тәсілді, жауапкершілікті нақты бөлуді және барлық деңгейде этикалық стандарттарды сақтаудың маңыздылығын көрсетеді. Жүйені сәтті енгізілуі барлық қатысушылардың келісілген әрекеттеріне, олардың кәсіби дайындығына, әдістемелік қолдау болуына, дамыған цифрлық инфрақұрылымның және ата-аналармен, қоғаммен тұрақты өзара байланыс орнатуға байланысты. «Әлеуметтік GPA» жауапкершілігі жоғары, рефлексияға қабілетті, әлеуметтік тұрғыдан кемел және қоғам өміріне белсенді араласуға дайын тұлғаларды қалыптастыруға арналған тиімді құралына айналуы мүмкін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі уақытта орта білім беру мазмұны мен басымдықтарының трансформациялануына байланысты білім алушылардың тек академиялық білімін ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тұрақты құзыреттерін, азаматтық кемелдігін, жеке жауапкершілігін, ынтымақтастық дағдыларын, өзін-өзі реттеу мен этикалық мінез-құлықтарын қалыптастыру ерекше маңызға ие болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, «Әлеуметтік GPA» жүйесін енгізу мектептің тәрбиелік қызметін қайта қарауға және тұлғаға бағдарланған тұтас білім беру моделіне көшуге бағытталған маңызды қадам.

«Әлеуметтік GPA» – бұл академиялық бағалауға жай ғана қосымша емес, білім алушыны білім беру үдерісінің субъектісі, әрі қоғамның толыққанды мүшесі ретінде жүйелі бақылау, тіркеу және жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған педагогикалық қолдау құралы. Бұл жүйені енгізу мектептерге тәрбиелік нәтижелерді бағалаудағы үзік-үзік және жүйесіз тәсілдерден бас тартып, кешенді, басқарылатын және аналитикалық негізделген модельге көшуге мүмкіндік береді.

«Әлеуметтік GPA-ді» енгізудің бірнеше стратегиялық әсері бар:

Біріншіден, бірыңғай критерийлерді, бақылау стандарттарын және кері байланысты қолдану арқылы сынып пен мектеп деңгейінде тәрбиелік жұмыстың ашықтығы мен негізділігі артады.

Екіншіден, білім алушылардың мінез-құлықтық көріністері мен рефлексия нәтижелеріне сүйене, олардың жеке даму траекторияларын құру мүмкіндігі пайда болады.

Үшіншіден, оқыту мен тәрбиелеу өзара байланысты үдерістер ретінде қарастырылатын, аналитикалық деректермен және педагогикалық қолдаумен қамтамасыз етілген бірыңғай білім беру кеңістігі қалыптасады.

Халықаралық тәжірибені талдау көрсеткендей, Финляндия, Сингапур, Канада, Эстония және АҚШ сынды алдыңғы қатарлы білім беру жүйелерінде білім алушылардың әлеуметтік және тұлғалық қасиеттерін бағалау мектеп саясаты мен стратегиялық басқарудың ажырамас бөлігі. Бұл елдерде рубрикалар, портфолио, бақылау әдістері, цифрлық трекерлер мен платформалар сияқты түрлі құралдар қолданылады, олар кері байланыс пен мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибелер Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени контекстіне бейімделген ұлттық модельді қалыптастыруда бағдар ретінде қызмет етеді.

Қазақстан мектептерінде «Әлеуметтік GPA» жүйесін енгізу нормативтік, ұйымдастырушылық, әдістемелік және кадрлық қамтамасыз етуді талап етеді. Бұл жергілікті ережелерді әзірлеуді, мектепішілік үйлестіру механизмдерін құруды, педагогтерді оқытуды, рәсімнің этикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ жүйені цифрлық платформаларға интеграциялауды қамтиды. Бағалау формалды есептілікпен, әкімшілік санкциялармен немесе рейтингтік тәсілдермен байланысты болмауы тиіс, керісінше, қалыптастыратын және дамытушы сипатқа ие болуы қажет.

«Әлеуметтік GPA» жүйесін орнықты түрде іске асырудың негізгі шарттары мыналар:

- рәсімнің құқықтық анықтығын және тәсілдердің бірізділігін қамтамасыз ететін нормативтік және әдістемелік базаның болуы;
- білім алушылардың тұлғалық дамуын бақылау, талдау және педагогикалық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізе алатын педагогикалық ұжымның дайын болуы;
- мектеп әкімшілігі мен білім беру басқару органдары тарапынан институционалдық қолдау көрсету, оның ішінде ресурстық, техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз ету;
- педагогикалық этика қағидаттарын сақтау, білім алушының тұлғасына құрметпен қарау, деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету және стигматизациялайтын тәжірибелерден бас тарту;
- деректерді тіркеу, сақтау және талдау үдерістерін цифрландыру және оларды ІСҰО мен басқа да білім беру платформаларымен интеграциялау.

Осылайша, «Әлеуметтік GPA» бағалау жүйесі мақсатты, аналитикалық тұрғыда негізделген және құндылыққа бағытталған тәрбиелік жұмысты құрудың негізі бола алады. Бұл жұмыс білім алушылардың кемел, жауапты әрі белсенді тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Институционалдық бірізділік пен кәсіби қолдау қамтамасыз етілген жағдайда, бұл жүйе білім беру сапасын арттырудың, білім алушылардың табыстылығын бағалау өлшемдерін кеңейтудің және мектептің тәрбие беруші институт ретіндегі қоғамдық сенімін нығайтудың тиімді құралына айналуы мүмкін.

ҚОСЫМША

Педагогтың білім алушының әлеуметтік дағдыларын бақылау парағы

Әлеуметтік құзыреттіліктер	Жиі көрінеді	Кейде	Сирек	Көрінбейді
Білім алушы жобалық қызметте бастамашылдық танытады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Топта жұмыс істей алады, басқа қатысушылармен келісімге келе алады	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Мәселелерді шешуде өз бетінше шешім қабылдайды және ұсыныстар жасайды	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Жүктелген іске жауапкершілікпен қарайды (тапсырмаларды уақытында әрі сапалы орындайды)	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Басқа білім алушыларға және педагогтерге құрметпен қарайды	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Көшбасшылық қасиеттерін танытады (басқаларды ұйымдастырады, бағыт береді)	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Академиялық адалдық нормаларын сақтайды (көшірумен, плагиатпен айналыспайды)	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

Волонтерлік қызметті бағалауға арналған чек-парақ

Параметр	Иә	Жоқ	Пікір
Білім алушы волонтерлік қызметтің ең аз дегенде 20 сағатын орындағаны	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Растайтын құжаттар (анықтамалар, хаттар) ұсынылғаны	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Қатысу ерікті түрде болғаны (міндетті талап бойынша емес)	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Волонтерлік қызмет мектеп портфолиосына енгізілгені	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

Білім алушының өзін-өзі бағалау сауалнамасы «Менің әлеуметтік белсенділігім»

Нұсқаулық:

Төмендегі тұжырымдар саған қаншалықты сәйкес келетінін шынайы түрде белгіле.

Тұжырым	Толық сәйкес келеді	Жартылай сәйкес келеді	Кейде	Ешқашан
Мен биыл мектептегі іс-шараларға қатыстым	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Мен мектеп өмірін жақсарту үшін идеялар ұсындым	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Мен сыныптастарыма күрделі тапсырмаларды орындауға көмектестім	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Мен волонтерлік немесе әлеуметтік жобаларға қатыстым	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Мен мектеп ережелері мен академиялық адалдық нормаларын бұзбағанымды ашық айта аламын	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Мен өз уақытымды дұрыс басқарып, тапсырмаларды уақытында орындай аламын	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

Ата-аналарға арналған кері байланыс сауалнамасы

Сұрақ	Иә	Жоқ	Білмеймін
Балаңыз үйде мектеп жобалары мен іс-шаралары туралы айтып отыра ма?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Ол мектептен тыс қоғамдық пайдалы істерге қатыса ма?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Балаңыз үй шаруасында бастамашылдық таныта ма?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
Мектеп балаңыздың көшбасшылық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға көмектеседі деп есептейсіз бе?	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

Пайдаланган әдебиеттер тізімі

Assessment Work Group & RAND Corporation. (2017). Choosing and using SEL competency assessments: What schools and districts need to know. Collaborative for Academic, Social, and Emotional Learning (CASEL). <https://measuringSEL.org/pdf/Choosing-and-Using-SEL-Competency-Assessments-What-Schools-and-Districts-Need-to-Know.pdf>

Council of Europe. (2018). Reference framework of competences for democratic culture: Volume 1 – Context, concepts and model. Council of Europe Publishing. <https://www.coe.int/en/web/reference-framework-of-competences-for-democratic-culture>

OECD. (2018). Preparing our youth for an inclusive and sustainable world: The OECD PISA global competence framework. OECD Publishing. <https://www.oecd.org/education/Global-competency-for-an-inclusive-world.pdf>

Durlak, J. A., Domitrovich, C. E., Weissberg, R. P., & Gullotta, T. P. (Eds.). (2015). Handbook of social and emotional learning: Research and practice. Guilford Press.

Minnesota Department of Education. (2017). Social and emotional learning assessment guidance. https://education.mn.gov/mdeprod/idcplg?IdcService=GET_FILE&Rendition=primary&RevisionSelectionMethod=latestReleased&dDocName=MDE073521

OECD. (2019). PISA 2018 assessment and analytical framework. OECD Publishing. https://www.oecd.org/content/dam/oecd/en/publications/reports/2019/04/pisa-2018-assessment-and-analytical-framework_d1c359c7/b25efab8-en.pdf

Learning Policy Institute. (2022). The impact of restorative practices. <https://learningpolicyinstitute.org/product/impact-restorative-practices-report>

Clark, D., & Talbert, R. (2023). Grading for growth: A guide to alternative grading practices that promote authentic learning and student engagement in higher education. Routledge.

Perusall. (2024, January 3). A look at grading for growth | Social Learning Amplified. <https://www.perusall.com/blog/alternative-grading-assessment-intrinsic-motivation>

Learning for Justice. (2023). Social justice-based assessment, evaluation and grading. <https://www.learningforjustice.org/magazine/publications/critical-practices-for-social-justice-education/curriculum-and-instruction/social-justice-based-assessment-evaluation-and-grading>